

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Жаратылыстану факультеті

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР
КАТАЛОГЫ**

6В01505-БИОЛОГИЯ



АҚТӨБЕ



Бекітілді
Жаратылыстану факультетінің
деканы Г.Б.Адманова
«28» желтоқсан 2025 ж.

2025-2026 оқу жылына арналған элективті модульдер каталогы
2 курс

ББ шифры және атауы: 6B01505-Биология
Оқу мерзімі: 4 жыл

Қабылдау жылы: 2024 ж.

| Компоне нт (ЖК/ТК) | Пән коды | Пән атауы | Семестр | Кредит саны |
|---|------------------------|--|---------|-------------|
| Модуль 4. Аралас білім беру, 29 академиялық кредит | | | | |
| БП ЖК | Ред 2202 | Педагогика | 3 | 4 |
| БП ЖК | UR 2203 | Ұлттық руханият | 3 | 3 |
| БП ЖК | GZZh 2204 | Ғылыми зерттеу әдістері (курстық жұмыс) | 3 | 5 |
| БП ЖК | ShT (B1/B2) 2205 | Шетел тілі (B1/B2) | 3 | 6 |
| БП ЖК | ZhEFMG 2206 | Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы (орыс тілінде) | 4 | 3 |
| БП ЖК | IBB 2207 | Инклюзивті білім беру (орыс тілінде) | 4 | 3 |
| БП ЖК | ShT (C1) 2208 | Шетел тілі (C1) | 4 | 5 |
| Модуль 5. Базалық биологиялық білім, 27 академиялық кредит | | | | |
| БП ЖК | BK 2209 | Биологияға кіріспе | 3 | 5 |
| БП ЖК | Zoo 2210 | Зоология (орыс тілінде) | 3 | 5 |
| БП ЖК | CG 2211 | Цитология және гистология | 4 | 5 |
| БП ЖК | AA 2212 | Адам анатомиясы | 4 | 5 |
| БП ЖК | ВОТ 2213 | Бағалаудың өлшемдік технологиялары | 4 | 5 |
| БП | | Педагогикалық-психологиялық практика | 4 | 2 |

Модуль 4. Аралас білім беру

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Педагогика

Бағдарлама авторы: аға оқытушы, магистр Измаганбетов А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Орта білім беру жүйесінде педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру бойынша мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығы мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пәнді оқу барысында адам туралы ғылымдар жүйесіндегі педагогиканың алатын орны, оның зерттеу пәні және негізгі ұғымдары туралы айтылады. Педагогикалық үдерістің құрамды компоненттері, мәні мен оларды жүзеге асыру заңдылықтары, қағидалары, формалары және әдіс-тәсілдері, құралдары, ерекшелігі баяндалады. Бүгінгі педагогика ғылымындағы адам капиталын қалыптастырудағы басты талаптар мен мәселелер, инновациялық технологиялар, білім беру жүйесін басқару қағидалары меңгертіледі.

Пререквизиттері: Философия, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Постреквизиттері: Қазіргі заман білім беру технологиялары, Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы, Педагогикалық имиджелогия және корпоративті мәдениет

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы, бизнес және кәсіпкерлік, экономика саласындағы іргелі білімдерін, психология және білім беруді басқару саласындағы табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуінің Қазақстан мәдениетінің негізгі заңдылықтарын көрсетеді, негізгі құндылықтар туралы білімді қолданады;

В) Жаңартылған білім беру мазмұнының қойылған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес оқытудың стандартты, қолданбалы, қазіргі заманғы әдістерін, IT технологияларды, психологиялық-педагогикалық пәндердің креативті технологияларын пайдалану біліктері мен дағдыларын көрсетеді;

С) Педагогикалық үдеріс заңдылықтарына, тәрбиелік тетіктеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын жобалау және жүзеге асыру, сыныпта негізгі сипаттамасына (өзгермелі) және оның ары қарай дамуын болжау бойынша оқу-тәрбие үдерісін диагностикалауды іске асыра алады;

Д) Хабарлама жоспарларын, сабақтар тапсырмаларын құрастырады, тренингтік жаттығуларды жобалайды, ұсыныстар жасап, мәнжазба, хабарлама, эссе жазады;

Е) Ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті, педагогикалық қатынас пен педагогикалық техниканы, педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларымен субъект-субъектілі өзара әрекеттестікті ұйымдастырып, білім беру кеңістігінде педагогикалық технологияларды қолданады.

Модуль 4. Аралас білім беру

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E).

Пәннің атауы: Ұлттық руханият

Бағдарлама авторы: аға оқытушы Кадиркулова А.Н., PhD., доцент Кушкимбаева А.С., PhD Куанжанова К.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Қазақ халқының тарихи қалыптасқан, қазақтардың мүддесіне негізделген ұлттық құндылықтарын (ұлт шежіресі, ұлт мәдениеті, өмір сүру салты, әдет-ғұрпы, бала тәрбиесі мәселелері және т.б.) тану, қадірлеу, сақтау және қорғау болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курстың мазмұнын қазақ ұлты руханиятының өзегі- тарих, әдебиет пен тәрбие бағыттары бойынша білім негіздері құрайды, атап айтқанда тарихи таным мен ұлттық сананы қалыптастыру жолдары, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің ерекшеліктері, ұлттық тәлім-тәрбие мазмұны және қазіргі заманғы сипатындағы өзгешеліктерге баса назар аударылады. «Ұлттық руханият» курсына келесідей түсініктер

калыптасады: ұлттық мәдениет, ұлттық болмыс, ұлттық құндылық, ұлттық сана, ұлттық код және т.б.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Курс рухани құндылықтар жүйесін, қазақтың ұлттық болмысын, руханияттың этномәдени бастауларын, ұлттық сананы, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, дүниетанымды, діни шыдамдылықты, салт-дәстүрлерді, өнерді, әдебиетті, ұлттық тәрбиені, дәстүрлі мәдениетті, жоғары сананы тәрбиелейтін рухани мұраны зерттейді. Пән әлемдік және жалпыадамзаттық құндылықтарды, халықтық дәстүрлерді, ата-баба мұрасын құрметтеу рухында тәрбиеленген рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастырады.

Пререквизиттер: Қазақстан тарихы, Әлеуметтік-саяси білім модулі

Постреквизиттер: Педагогика, Философия

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Жалпы адамзаттық мәдениеттің жетістіктерін және қазақ халқының ұлттық ерекшеліктеріне негізделіп, тарихи қалыптасқан фольклор, жыраулар поэзиясы, Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет пен өнердің көркемдік-эстетикалық құндылығын, қазақ халқының шығу тегінің тарихи аспектерін, қазақ халқы қалыптасуының бастауларын біледі.

В) Ұлттық руханияттың қоғамдағы ролін, тарихи таным мен ұлттық сананың қалыптасуын, ұлттық абырой, патриотизм мен азаматтылық, төзімділік пен гуманизмнің мәнін, «Мәңгілік Қазақстан» идеясын түсінеді.

С) «Мәңгілік ел», «мәңгілік ұлт» құндылықтарын анықтауда қазақ халқы руханиятының ерекшеліктерін қолданады. Фольклорлық жанрлар, жыраулар поэзиясын, жазба әдебиетіміздің асыл мұраларын, ел тарихындағы айтулы тұлғалардың шығармашылығын сөйлеу мәдениетінде, әлеуметтік тұрмыста қолдана біледі, сондай-ақ қазақ этносының тарихын зерттеу үшін шежірелік мәліметтерді, мәдени аспектілерді деректер көзі ретінде қолданады.

Д) Тарихи және ұлттық сананы қалыптастыру жолдарын талдайды, атап айтқанда фольклордан бастап күні бүгінге дейінгі шығармашылық иелерінің әдеби мұрасын толықтай тани отырып, хакім Абай Құнанбайұылының өлеңдері мен қара сөздерін, М.Әуезов шығармашылығын, аймақтық әдебиеттанудың таңдаулы шығармаларын ғылыми-методологиялық тұрғыда жіктей біледі; қазақ халқының этногенезі ерекшеліктері мен көшпелі қоғам өмірінің құндылықтарын талдайды.

Қазақ халқының көшпелі өмір салтымен қалыптасып, салт-дәстүрмен қатаң сақталып бізге дейін жеткен рухани болмысының ерекшеліктерінің жаңашыл сипатын құрастырады.

Е) Қазақ халқының мәдениеті мен әлемдік мәдениеттің әртүрлілігін, қазіргі жаһандану үдерісіндегі ұлттық болмыс пен ұлттық бірегейліктің даму бағыттарын мен ерекшеліктерін бағалайды.

Модуль 4. Аралас білім беру

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Ғылыми зерттеу әдістері (курстық жұмыс)

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Адманова Г.Б.,
магистр, аға оқытушы Кеубасова Г.У.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттерге ғылым салалары бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарының жүргізу ережесі мен заңдылықтарын үйрету, машықтандыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Оқу курсы ғылыми зерттеудің мазмұны мен әдістері туралы жүйелі түсініктерді қалыптастыруға, түрлі салаларда зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін білім, дағды, технологиялар мен әдістерді игеруге бағытталған. Пән бағдарламасы ғылыми зерттеу тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды; теориялық және эксперименттік зерттеулердің әдіснамасын зерделеу; зерттеулерді талдау және тұжырымдар мен ұсыныстар беруді қамтиды. Ғылыми зерттеулердің енгізілуі мен тиімділігіне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және дипломдық жұмыстарды ресімдеу ережелеріне көп көңіл бөлінеді.

Пререквизиттері: Ақпараттық-коммуникативтік технология

Постреквизиттері: Педагогикалық практика, дипломдық жоба.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: ОН-3

А) Биологиялық пәндерді оқыту әдістемесін және биологиялық зерттеулер жүргізу тәжірибесін біледі (жасанды интеллект арқылы биологиялық білім беру саласындағы мәселелерді шешу үшін бастапқы және қосымша деректерді жинайды, өңдейді және пайдаланады);

В) Зерттеу саласында зерттеу әдістері мен академиялық жазуды қолдануын түсінеді;

С) Ғылымдағы негізгі мәселелерді зерттеу және оны шешу, нақты практикалық жағдайлар мен жағдаяттарда оқыған материалды талдап, қолдана білу, ғылыми әдіснамаға сәйкес эксперимент жүргізе алады;

Д) Теория мен практиканы ұштастыру негізінде элементтерді қосу, жанаша құрастыру- эссе, аналитикалық баяндамалар, мәнжазбалар жазу, жоспар құру, қайта жоспар құру, жүйелей алады;

Е) Студенттер ғылыми зерттеу әдістемесін меңгеріп және оны дәлелдеп, қорытынды жасап, материалдың маңызын критерийлер негізінде бағалап, пікірлесе алады.

Module 4. mixed education

Dublin descriptors: A) B) C) D) E)

Name of the discipline: Foreign language (B1)

Author of the program: Доскеева М.Е., Сагиева А.Т.

Brief purpose of the course (in accordance with the curriculum): The purpose of the discipline is to master a foreign language as a means of communication, that is, the formation of students' communicative competence in all its main components at this level. The process of mastering is aimed at the comprehensive development of students' intercultural competencies. The course involves working on further improvement of language skills and speech skills. The student has the skills to understand concrete and abstract messages, as well as to discuss terms in the foreign language field.

Summary of the discipline (main sections or topic titles):

Knowledge of a foreign language is an integral part of the professional training of all specialists at the University. The course provides practical classes, SSW and SSWT. The process of studying the discipline "Foreign language" (level B1) is aimed at the comprehensive development of students' communicative, cognitive, socio-cultural and linguistic-cultural competencies.

Exchanging information. Social expressions. Narrating. Discussion. The sphere of professional orientation.

Prerequisites: Foreign language (A2).

Post-requirements: Foreign language (B2).

Expected learning outcomes:

A) full understanding of the partner's communicative intentions and the authors of texts at this level;

B) the ability to adequately express their own communicative intentions with the correct selection and appropriate use of appropriate language tools, taking into account their compliance with the socio-cultural norms of the language being studied;

C) choosing the appropriate form and type of speech/ communication with the appropriate logical structure for the type of speech;

D) correct intonation of speech, lexical sufficiency within the level of speech topics and grammatical correctness;

E) understand the speech of native speakers that sounds at an average pace within the framework of the studied topic.

Module 4. mixed education

Dublin descriptors: A) B) C) D) E)

Name of the discipline: Foreign language (B2)

Name of the discipline: Foreign language (B2)

Author of the program: Доскеева М.Е., Сагиева А.Т.

Brief purpose of the course (in accordance with the curriculum): The purpose of the discipline is to develop the student's ability to communicate in a foreign language at an

intercultural level, to deepen and expand the language material. As a result of studying the discipline, the student must have a holistic understanding of the grammatical system of language and speech. To participate without preparation in a conversation, including with native speakers, to express their own opinion, as well as to exchange interesting information on the material covered.

Summary of the discipline (main sections or topic titles):

Knowledge of a foreign language is an integral part of the professional training of all specialists at the University. The course provides practical classes, SSW and SSWT. The process of studying the discipline "Foreign language" (level B2) is aimed at the comprehensive development of students' communicative, cognitive, socio-cultural and linguistic-cultural competencies.

Exchanging information. Social expressions. Narrating. Discussion. The sphere of professional orientation.

Prerequisites: Foreign language (B1).

Post-requirements: Foreign language (C1).

Expected learning outcomes:

- A) participate in meetings in his area of expertise;
- B) produce clear, detailed text on a wide range of subjects and explain a viewpoint on a topical issue giving the advantages and disadvantages of various options;
- C) talk about mental processes and how can he use them to improve his effectiveness on the job;
- D) explain his education, experience, strength and weaknesses, and discuss his career path; talk about what he likes to read and make recommendations about good things to read;
- E) discuss common political situations and the behavior of politicians.

Модуль 4. Смешанное образование

Дублинские дескрипторы: A); B); C); D); E).

Название темы: Возрастная физиология и школьная гигиена (на русском языке)

Автор программы: к.п.н., доцент Семенихина С.Ф.

Цель преподавания курса: дать будущему педагогу современные сведения о анатомо-физиологических особенностях организма детей и подростков, его взаимоотношениях с окружающей средой, вооружить знаниями о закономерностях, лежащих в основе сохранения и укрепления здоровья школьников, поддержания их высокой работоспособности при различных видах учебной деятельности.

Краткое содержание темы: Целью изучения курса возрастной физиологии и школьной гигиены является профилирование знаний обучающихся педагогической направленности. Формирует знания о закономерностях развития анатомо-физиологических систем учащихся разного возраста. Знание возрастных закономерностей физиологического развития, опираясь на современные проблемы закономерностей развития, учит проблемам организации учебного процесса, гигиены обучения, формированию психологической проблемы в обучении.

Пререквизиты: Общая биология

Постреквизиты: Физиология человека и животных, Методика преподавания биологии

Ожидаемые результаты обучения: ОН-5

- A) знает общие закономерности роста и развития детей и подростков;
- Б) знает физиологию и гигиену нервной системы, высшую нервную деятельность и ее становление в процессе развития ребенка, возрастные особенности;
- В) умеет хорошо и свободно ориентироваться в сложном строении детского организма, свободно определять местоположение органов и составляющих его частей;
- Г) может применять методы оценки санитарно-гигиенических условий воспитательного процесса и процесса обучения детей в образовательных учреждениях;
- Д) Использует анатомо-физиологические, возрастные особенности школьников в организации воспитания и обучения в профессиональной деятельности на основе безопасности жизнедеятельности и охраны окружающей среды.

Модуль 4. Аралас білім беру

Дублинские дескрипторы: A) B) C) D) E)

Наименование дисциплины: Инклюзивное обучение

Автор программы: Амантаева Б.И.

Цель курса: ознакомление обучающихся с теоретическими основами инклюзивного образования и тем, как оно реализуется в Казахстане, всестороннее информирование об основных правилах организации и управления инклюзивными процессами с целью обеспечения равного доступа к образованию для всех обучающихся.

Пәннің қысқаша мазмұны: Позволит обучающимся овладеть понятиями основных задач, особенностей и принципов инклюзивного образования, обобщить накопленный международный опыт, выявить уровень развития инклюзивного образования. В содержании курса представлены программы «Образование для всех», проблемы инклюзивного образования в Казахстане, рассмотрены подходы к реализации инновационных подходов в инклюзивном образовании на основе государственной программы

Пререквизиты: Педагогика, профессиональное развитие учителя 21 века

Постреквизиты: Методика психолого-педагогического сопровождения детей с особыми образовательными потребностями в системе общего образования, нормативно-правовые акты специального образования

Ожидаемые результаты обучения:

A) знает и понимает социализацию, преемственность образования и воспитания детей раннего, дошкольного, школьного возраста с различными отклонениями в развитии;

B) использует методы совершенствования познавательной деятельности в повседневной жизни лиц с особыми образовательными потребностями;

C) анализирует методы совершенствования социально значимых навыков и познавательной деятельности в повседневной жизни лиц с особыми образовательными потребностями;

D) систематизирует социально значимые навыки повседневной жизни лиц с особыми образовательными потребностями;

E) оценивает преемственность социализации, образования и воспитания детей раннего, дошкольного, школьного возраста с различными отклонениями в развитии.

Module 4. mixed education

Dublin descriptors: A) B) C) D) E)

Name of the discipline: Foreign language (C1)

Author of the program: Сагиева А.Т., Масалимова А.С.

Brief purpose of the course (in accordance with the curriculum): The purpose of the training is the formation of students' communicative and professional competence. Communicative competence as an interactive learning goal is presented in the content of the program as part of its following components: linguistic, intercultural, socio-cultural, cognitive and pragmatic competence. Professional competence is realized through the formation of a number of professionally significant skills, the work on which is carried out in practical language classes and corresponds to the goals and objectives of the course.

Summary of the discipline (main sections or topic titles):

Knowledge of a foreign language is an integral part of the professional training of all specialists at the University. The course provides practical classes, SSW and SSWT. The process of studying the discipline "Foreign language" (level C1) is aimed at the comprehensive development of students' communicative, cognitive, socio-cultural and linguistic-cultural competencies.

Prerequisites: Foreign language (B2).

Post-requirements: Professional foreign language.

Expected learning outcomes:

A) express your opinion spontaneously in conversations, discussions, debates, scientific conferences on topics of general cultural and professional block;

B) prepare a clearly detailed, well-structured message, report, convey the content of the book with the expression of your own impressions;

C) improve the skills of writing essays, articles, writing texts of speeches, reports, in accordance with the communicative task, essays with elements of reasoning, with a clear and reasoned explanation of their point of view;

D) listen to authentic monologue and dialogue of various functional styles of varying complexity in direct communication and sound recording: speeches of public and political figures, excerpts of prose, poetic, dramatic works, scientists, philologists, teachers, literary critics, TV shows and films (the speech rate is normal, the recording is original);

E) possess different reading strategies (introductory, study, search) based on the material of authentic socio-political, fiction, professional texts of a philological nature of different functional styles with the extraction of significant information that is adequate to the chosen reading strategy;

Модуль 5. Базалық биологиялық білім

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Биологияға кіріспе

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Беркалиева А.С.

Курсты оқытудың мақсаты: тірі табиғат дамуының жалпы заңдылықтарын, тірі жүйе ұйымдастырылуының негізгі кезеңдерін ашып көрсету; тіршіліктің негізгі формаларын оқыту; тірі ағзалардың тіршілік формаларының қасиеттері мен биологиялық маңызын, қалыптасу кезеңдерін, эволюциясын және дамуын оқыту; биологиялық терминологияны үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: "Биологияға кіріспе" пәні биология ғылымының негіздері - тірі организмдердің қалыптасуы мен қасиеттері, даму деңгейлері, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, цитология негіздері, Организмдердің көбеюі мен дамуы, генетика, даму эволюциясы, органикалық әлем, экология және биосфера негіздері, Органикалық әлемнің әртүрлілігі, адам және оның денсаулығы, экология және т. б. жаңа мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес тұрақты даму.

Прекреквизиттер: Жалпы биология (мектеп курсы)

Постреквизиттер: Зоология, Адам анатомиясы, Өсімдіктер физиологиясы, Генетика

Оқытудан күтілетін нәтижелер: ОН-1

A) Биологиялық объектілердің – өсімдіктердің, жануарлардың және микроорганизмдердің алуан-түрлілігін түсіндіреді, бақылайды, сәйкестендіреді, жіктейді, өсіру және түсіну үшін, құзыретті шешімдерді әзірлеу үшін биологиялық ғылымдар саласындағы іргелі білім мен дағдыларды қолданады;

B) Биологияның фундаментальды заңдарын және теориясын, табиғаттағы құбылыстар мен үрдістердің биологиялық мәнін меңгереді;

C) Биологияның теориялық және экспериментальдық негізін және биологияны оқыту технологиясынан білімін қолдануға қабілетті болады;

D) Теориялық білімін практикада және экспериментальдық зерттеулерде қолдана алады;

E) Препарат жасау және тірі ағзалардың экологиясын оқуда әдістер мен тәсілдерді қолдану дағдылары қалыптасады.

Модуль 5. Базалық биологиялық білім

Дублинские дескрипторы A); B); C); D); E).

Название дисциплины: Зоология (орыс тілінде)

Автор программы: магистр, ст.преподаватель Абдукаримов А.М.

Цель изучения курса (в соответствии с учебной программой): Сформировать у студентов взгляд на зоологию, как на науку, изучающую все многообразие животного мира. Дать основные понятия об уровнях организации животного царства.

Краткое содержание дисциплины Дисциплина "Зоология" всесторонне изучает современное состояние животных, их происхождение, развитие и анализирует их значение в биосфере. Объясняет морфологию, систематику, биологию беспозвоночных и позвоночных животных. В результате освоения дисциплины позвоночные животные студенты получают как теоретический курс, так и практический опыт. Применяет полученные знания для решения научных и практических задач, определения значимости животных в различных группах в эволюции растительного и животного мира.

Пререквизиты: Общая биология

Постреквизиты: Физиология человека и животных, Орнитология и технология изготовления чучела птицы.

Ожидаемые результаты обучения: ОН-1, 10

А) Применяет фундаментальные знания и навыки в области биологических наук для выработки компетентных решений при описаниях, наблюдений, идентификации, классификации, культивирования и представления о разнообразии биологических объектов – растений, животных и микроорганизмов;

В) умеют объяснить о биоразнообразий животного мира (низшие хордовые, рыбы, земноводные и пресмыкающиеся);

С) Знают видовой состав беспозвоночных позвоночных животных, обитающих в почвенной, водной и наземно-воздушной средах нашего региона

Д) Описывает основные понятия разнообразия, идентификации, классификации биологических и микробиологических объектов. Осуществляет анализ жизни на разных уровнях организации жизни с использованием биологических, биотехнологических, молекулярно-генетических методов;

Е) способен использовать навыки работы с информацией из различных источников для решения профессиональных и социальных задач

Модуль 5. Базалық биологиялық білім

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Цитология және гистология

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Кеубасова Г.У.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттер клеткаларда жүретін негізгі заңдылықтарды түсінеді, осы білімге сүйене отырып медицина, ауыл-шаруашылығында, биотехнология салаларында қолдана алады. Клеткалар құрылысы мен және қызметтерімен терең танысып, ұлпа, ұлпалар классификациясын терең меңгереді. Өсімдіктер және жануарлар клеткаларының құрылысы мен физиологиясының негізгі заңдылықтары, жануарлардың ұлпалар жүйесінің құрылысы, қызметі, генезисі мен негізгі түрлерінің классификациясы және әртүрлілігі туралы түсініктерді қалыптастыру, ұлпалардың физиологиялық және репаративті регенерацияларының ерекшеліктері туралы теориялық білімді қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәннің мазмұны адам және жануарлар организміндегі жасушалар, ұлпалар, ағзалар, оның жүйелерінің микро-, субмикроскопиялық құрылысын, клетканы зерттеу әдістерін, клетканың бөліну типтерін, адам мен жануарлардың эмбрионалдық даму ерекшеліктерін, ұлпалардың морфо-функционалдық ұйымдасуын, ұлпалардың түрлерін, қызметтерін, жасушалар мен ұлпалардың биологиясын сипаттайды. Цитологиялық, гистологиялық уақытша препараттарды әзірлеу, жарықтық микроскопта талдай алу машықтарын қалыптастырады.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе.

Постреквизиттері: Өсімдіктер физиологиясы, Генетика, Молекулалық биология

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Кәсіби педагогикалық қызметін ұйымдастыру барысында құзыретті шешімдер қабылдау үшін биология саласындағы іргелі білімі мен дағдыларын қолдана біле;

В) Биологиялық, микробиологиялық нысандардың әртүрлілігі, идентификациясы, жіктелуі туралы негізгі түсініктерді сипаттайды. Биологиялық, биотехнологиялық, молекулалық-генетикалық әдістерді қолдану арқылы тіршілікті ұйымдастырудың әртүрлі деңгейлеріндегі өмірге талдау жасауды жүзеге асырады;

С). Микроскоппен жұмыс жасау, препараттарды бояу және фиксациялау әдістерінің икем дағдыларын меңгереді;

Д). Жарық микроскоппен жұмыс жасап, олардың көмегімен цитологиялық және гистологиялық препараттарын жұмыс жасай алады;

Е). Ұлпалар типтерін анықтап, ажырата алу алады, микроскоптық көрінісіне қарап ұлпалардың зақымдану деңгейін бағалай алады.

Модуль 5. Базалық биологиялық білім

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Адам анатомиясы

Бағдарлама авторы: м.ғ.к., доцент Изимова Р.

Курсты оқытудың мақсаты: Болашақ биолог мамандарды адам ағзасының құрылысымен, даму заңдылықтарымен таныстыру арқылы олардың жалпы биологиялық, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Адам анатомиясы» пәнінің мазмұны адам организмнің құрылысы, морфологиясы, топографиясы, шығу тегі және онтогенездік, филогенездік дамуы туралы білімге негізделген. Бағдарламаны игеру барысында адам организмін құрайтын мүшелер мен тіндердің құрылысын, жеке, жыныстық және жастық ерекшеліктеріне сәйкес мүшелердің өзара анатомо-топографиялық қатынастары туралы түсініктер жинақталып, адамның дене құрылысына сыртқы ортаның, еңбектің, әлеуметтік жағдайларының тигізетін әсерлерін де сипаттайды.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе

Постреквизиттері: Адам және жануарлар физиологиясы, Тірі ағазлардың физиологиясы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Адам анатомиясының биологиялық ғылымдар жүйесіндегі орнын, адам денесінің құрылысын, оны құрайтын жүйелер мен мүшелердің дамуын, морфологиялық-топографиялық, жастық және жыныстық ерекшеліктерін біліп, түсінеді;

В) Әртүрлі анатомиялық препараттарда, муляждарда адам ағзасының негізгі құрылымдарын танып, ажыратады, оларды тірі адам денесінде орналастырады; мүшелердің анатомо-топографиялық қарым-қатынасын теория және практикада қолдана алады, халықаралық анатомиялық терминологияны меңгеру деңгейін көрсетеді;

С) Алған білімді кәсіби деңгейде қолданады, ағзаның сыртқы және ішкі құрылымын, өзара және қоршаған ортамен байланыстарын зерттеу, адам өміріне пайдалы іс-әрекеттерді анықтау мақсатында ғылыми ізденістер жүргізеді ;

Д) Оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық-психологиялық, дидактикалық ұстанымдарды және кәсіби іс-әрекеттегі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда білім алушылардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, адам дене құрылысы, даму заңдылықтары, қызметімен танысу арқылы салауатты өмір салты, тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғаудың негіздеріне қатысты ғылыми-тәжірибелік зерттеулер нәтижелерін салыстырмалы талдайды;

Е) Әр адамға ғылыми негізделген жеке және қоғамдық гигиена ережелерін сақтау, түрлі патологиялық жағдайлардың алдын-алу, адам денесінің биомеханикалық сипатымен дене мәдениетін дамыту бойынша қорытындылар жасап бағалай алады.

Модуль 5. Базалық биологиялық білім

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Саримбаева Б.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Пән мазмұнын меңгерту арқылы оқушылардың оқу жетістігін бағалауға, жаңартылған оқу бағдарламаларының мақсат-міндеттері, құрылымы, мазмұнымен танысуға, оқу жетістігін бағалаудың заманауи үлгілерін меңгеруге, өлшемдік бағалау жүйесін ұйымдастыру және жүзеге асыру машығын қалыптастыру

Пәннің қысқаша мазмұны: Оқу-тәрбие процесінде білім алушылардың білім деңгейін анықтауда критериалды бағалаудың маңызы ерекше. Білім беру процесінде білім алушылардың білім көрсеткішін арттырумен қатар олардың жеке тұлғалық қасиеттері мен құзыреттіліктеріне, қоршаған ортада қарым-қатынас жасай білу қабілеттіліктеріне, өзін-өзі жетілдіру бағыттарына да үлкен мән беру қажет. Критериалды бағалау алдын ала белгілі өлшемдерге сәйкес білім алушының жеке оқуын түзетуге мүмкүндік беруді, оқу мақсаттарына сәйкес күтілетін нәтижеге жетуде білім алушылардың білімін бағалауды қамтиды. Критериалды бағалау сабақтың барлық кезеңінде жүзеге асырылып, интерактивті оқытудың ұжымдық, топтық, жұптық түрлерінің барлығына өз тиімділігін көрсетеді.

Пререквизиттері: Педагогика, Инклюзивті білім беру

Постреквизиттері: Биологияны оқыту әдістемесі және жасанды интеллект негіздері. Оқытудағы жаңа тәсілдер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау үшін жұмыс саласындағы оқу процесі субъектілерінің психологиялық білімі үшін орта білім беру бағдарламасының жаңартылған мазмұнына сәйкес оқыту нәтижелерін, критериалды бағалауды біледі;

В) Нақты практикалық жағдайлар мен жағдаяттарда пәндік және метапәндік нәтижелерді бағалау әдістерін, құралдарын қолданады.

С) Білім беру жүйесінің талаптарына жауап беретін критериалды бағалау жүйесінің түрлерін, әдістерін құралдарын талдайды.

Д) Тұлғаның функциональдық сауаттылығын қамтамасыз ететін, түйінді құзыреттілікті қалыптастыратындай бағалау және өзін-өзі бағалау әдістерін жобалайды, күнделікті сабақтарында құрастырады .

Е) Білім нәтижелерін бағалаудың әдістерін меңгеріп маңыздылығын бағалай біледі, оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеудің талаптарын анықтап, ой қорытындысын жасайды.

Кафедра меңгерушісі Қуанбай Ж.І.

Биология кафедрасының мәжілісінде талқыланды және бекітуге ұсынылды

№5 хаттама «24» желтоқсан 2024 ж.